| | жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»- деген сұрақ қойылып отырады.<br>Күтілетін нәтиже: Дыбысты естігенде қандай қимыл жасау қажет? Қалай жасалады соны ажырату. Қосылып қимылды қайталау.<br>Балалар әуеннің көңілді, ойнақы мінезін анықтайды. Әуен ырғағын сезіну және ажырату. | | | | бір.<br>Біздер тату баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз<br>**Негізгі кезең**<br>***Кіріспе әңгіме.***<br>Демонстрациялық материал, сурет бойынша жұмыс.<br>***Сұрақ-жауап*** арқылы түсіндіру.<br>– Сап-сары болып өсіп тұрған бидай. Астықты күзде жинайды. Өсіп тұрған бидайды комбайнмен орып, астықты жүк машиналары қамбаға тасиды. Бидай ақырында дастарқанға ас атасы – нан болып келеді. Нан қоқымы дегеніміз – нанның үгітіндісі**..**<br>**(сөйлеулі дамыту**, **көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **№ 4**<br>**Бақылау: Желді бақылау**.<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, | **№ 8**<br>**Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ | **№ 2**<br>**Бақылау: Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін | **№ 15**<br>**Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Күзде өлі | **№ 4**<br>**Бақылау: Желді бақылау**.<br>**Мақсаты:** Желдің түрлерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру **.**<br>**Еңбек** : « Әдемі гүлдер »<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел »<br>**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Ұлттық ойын**<br>Орамал тастау » .<br>**Ойын барысы:** Орамал | түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>**Еңбек** : Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>**Жеке жұмыс: « Күзгі жапырақ » тақпақ**<br>Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>**Ойын:** « Аю жүрген орманда » .<br>**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту<br>**Қимылды ойын :**<br>« Монданақ » .<br>**Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: « Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ » ,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын | :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату **.**<br>**Еңбек** :Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып.<br>(Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** « Кімге қандай құрал керек? »<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Ұлттық ойын**<br>«Соқыр теке » .<br>**Ойын барысы:**<br>Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған | табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек**:Біздің ойын алаңы<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.**Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек»**Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**« Фигура жасап шық »**<br>**Ойын барысы** :<br>Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек | таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру **.**<br>**Еңбек** : « Әдемі гүлдер »<br>**Мақсаты:** Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ. « Жел »<br>**Мақсаты:** Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Айгөлек-ау, айгөлек » . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.«Желмен жарысайық» | қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.<br>**Балалардың өз бетімен ойнауы:**<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>**Тренинг:** « Бір шаңырақ астында » . | «соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ» ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.**Дербес ойындар:**<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу.<br>**Тренинг:** « Біз тату баламыз » . | тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br>**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**<br>Қуаласпақ.Тығылыспақ.<br>**Тренинг: « Киіз үй » .** | **Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Ұлттық ойын** Орамал тастау » .<br>**Ойын барысы:** Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.<br>**Дербес ойындар:**<br>1. « Желмен жарысайық » |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары,<br>бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | «Шалқан» ертегісі<br>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.<br>**(тіл дамыту)**<br>«Шалқын»<br>Міндеттері: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады.<br>**(мүсіндеу)** | Жемістер мен көкеністер ойыны<br>Екі топқа бөліп ажырату<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>Жасыл алмұрт» (заттық мүсіндеу)<br>Міндеттері: Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады, алмұртты құрастырады,түсін пішінін атап,суретін салады<br>**(мүсіндеу,сурет салу, жапсыру,құрастыру)** | **Вариативтік компонент:**<br>**«Дені сау болу - керемет»**<br>**Тақырыбы:** «Қу түлкі»<br>**Мақсаты**: Балалардың дене тәрбиесіне қызығушылығын арттыру. Ойын арқылы күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік, қозғалыстарды үйлестіру. Жаттығу процесіне деген қызығушылықты арттыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қақпаға тигіз» | Дәрумендер бейнеленген пазл құрастыру<br>**(құрастыру)**<br>Сәбіздің суретін қию және жабыстыру<br>**(жапсыру)**<br>Сәбіздің бейнесін мүсіндеу<br>**(мүсіндеу)** | **Ұлттық ойын**<br>**«Көтермек»**<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.<br>Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің.<br>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.<br>**“Адал азамат”**<br><br>Балаларға жиын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. «Кім тез жинайды» ойыны арқылы.<br>топтағы ойыншықтардан жиын жасату. **(математика негіздері)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Айсезім**<br>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді.<br>(**Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)** | **Тимурлан**<br>Тәрбиесі шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады және қауіпті жағдайда сақтық танытады.<br>(**Физикалық қасиеттері)** | **Марьям**<br>Сумен, құммен ойнайды; гүлдеп тұрған өсімдікке қызығушыл ық танытады;<br>(**Әлеумет)** | **Айсезім**<br>Заттарды негізгі түсі, көлемі, пішіні бойынша ажыратады.<br>**(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | **Тимурлан**<br>Қарқынды өзгертіп жүреді, жүгіруді дағдыландыру.<br>(**Физикалық қасиеттері** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды караужәне басқалар)** | **Қимылдық ойын: «**Ұшты-ұшты »<br>**Дербес ойындар:**<br>1.«Тәтті тоқаштар» пісірейік<br>2. «Мені қуып жет»<br>**Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар»<br>**міндеттері:** балалардың көңіл күйін көтеру. | **Қозғалмалы ойын:** «Қоңыздар»<br>**Міндеттері:**Балаларды жан- жақты жүгіруге , белгі бойыншща қозғалысты өзгертуге назар аударуға үйрету. | **Қозғалмалы ойын:** «Қасқыр мен лақтар»<br>**Міндеттері:** балалардың көңіл күйін көтеру. | **Қимыл – қозғалыс ойын** «Мысық пен торғайлар».<br>**Міндеттері:** жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету. | **Дидактикалық ойын**<br>**«Бұл қай кезде болады?»**<br>Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **(музыка)** |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Сурет салу, кітап қарауды ұсыну. | Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Тәуелсіздік және отаншылдық**

***Аптаның дәйек сөздері**: «Менің Отаным – Қазақстан!»*

**Мектепке дейінгі ұйым: «Көбелек» шағын орталық**
**Топ: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 3 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 27 – 31.10.2025 жыл**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **«Ақсақ құлан»** күйімен балаларды қарсы алу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу. **«Ақсақ киік»** күйімен қарсы алу. | **«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. | **«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | | **«Өнегелі 15 минут» "Адал дос" әңгімесі** | **«Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек" Міндеттері:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. | **«Өнегелі 15 минут» «Кішкентай бағбан» әңгімесі** | **«Өнегелі 15 минут» «Кім ақылды» әңгімесі** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | | **Саусақпен ойнаймыз: «Қоян інде»** Ақ қоян-ау,ақ қоян, Үркек қоян,сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. **(тіл дамыту)** | **«Ұқсас суретті тап» Мақсаты:**Балалардың ой-өрісін дамыту,зейінділігін арттыру. **Үстел үсті ойыны:** "суреттерді тап» **(тіл дамыту)** | **«Сиқырлы қапшық» ойыны Міндеті:** Сөздер мен сөйлемді дұрыс айтуына ықпал жасау Ойын барасы : Қапшықтың ішіне әртүрлі заттарды (ойыншық, тұрмыстық бұйымдар, жемістер т.б.) салып, | **«Сұрақ-жауап» ойыны Міндеті:** Балалардың сөздік қорын көбейту, бірімін еркін әңгіме айтуға дағдыландыру **Ойын барысы:** Бір бала сұрақ қояды, ал екіншісі жауап береді. Мысалы, "Сенің сүйікті түсің қандай?" немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бала оларды көрмей ұстап сезу арқылы таниды. Ол заттың атауын айтып, оны сипаттап береді. Бұл ойында баланың сөздік қоры және ойлау қабілеті дамиды. **(тіл дамыту, көркем әдебиет** | "Балабақшада не ұнайды?". Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы балалар сөйлеу дағдыларын дамытады және өз ойларын нақты жеткізуге үйренеді **(тіл дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | № 5 жаттығу Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | **Санамақ**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балан үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. | **«Өлең» арқылы тіл ұстарту жаттығуы**<br>Ша - ша – ша<br>Айшаның шанасы тама(ша)<br>Са - са –са<br>Қасқыр соқты Мұса<br>Ол - ол - ол<br>Ағашта лимон м(ол)<br>Ра - ра – ра<br>Дүкеннен нан алды Сара<br>Із – із – із<br>Тамаққа қосты сәб(із)<br>Жу-жу-жу<br>ыдысты тазалап(жу) | **«Жаңылтпашты жаңылмай айтайық»**<br>Мақсаты: Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге жаттықтыру. | **Жұмбақтар жасыру. Мақсаты:** жұмбақ жасыру арқылы балалардың ой – өрісін,ойлау қабілетін дамиды.<br>(**тілдік қарым-қатынас**ы) |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** берілген бағытты сақтай отырып төрттағандап еңбектеуге үйрету, бір-бірінен 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ашып отырып | **Қазақ тілі**<br>«Күз мезгілі»<br>Міндеттері: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. | **ҰІӘ міндеттері:**<br>Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; шаршының түрлі көлемде (үлкен – кішкентай) болатынын | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, қолдарын жоғары көтеру, түсу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | допты домалата білуді бекіту, допты қолмен итеру күшін жетілдіру. Көзөлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым-қатынас, бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. **ҰІӘ барысы:** Бір-бірлеп сапқа тұрып сылдырмақтарды қолға ұстап жүру және жүгіру – бір қарқын және нық қадамды сақтау. II. Негізгі кезең. Шеңбер бойымен тұрып, сылдырмақтарды қолданып ЖДЖ жасау Балалар арасындағы қашықтыққа көңіл аударады. **Негізгі қимылдарды орындау:** Бір-бірінен 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ашып отырып допты домалату. Екі қатарға бір-біріне қарама-қарсы сапқа тұру. Бірінші қатарға допты таратады. Екі қолдың саусақтары- | Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. **Жаңылтпаштар** Жыл мезгілі туралы 1.Ар-ар - ар Жауады қар 2.Ел - ел - ел Соғады жел 3.Яз - яз - яз Сақылдаған сары аяз Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту , ағаштардың суреттеріне қарап әңгімелесу. Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. **(жапсыру) экологиялық мәдениет** Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Тақпақ жаттау. **(тіл дамыту, көркем** | түсіну; шаршыны көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту; шаршыны берілген нүктелері бойынша бастырып жүргізу; геометриялық пішіндерді салуға қызығушылықтарын ояту. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу,тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. **Ғажайып сәт.** Балаларды қызықтырып, олардан: «Бұл өкіріп жатқан не?»– деп сұрайды. – Ол осы біздің топтың ішінде өкіріп жатқан сияқты. – Балалар, аю бізге геометриялық пішін– шаршыны ала келіпті (үлкен –кішкентай). Аю: – Балалар, сендер | **Жүру,жүгіру** Сылдырмақтарды қолға ұстап бір-бірлеп сапта жүру және жүгіру – қолды екі жаққа созу, жоғары көтеру. Нұсқау – шеңберді тарылтпау, сылдырмақтарды түсіріп алмау. **ҰІӘ барысы:** **Сылдырмақтарды қолданып ЖДЖ жасау.** Екі қатарға сапқа тұрады. Бірінші және екінші қатардың басшыларын тағайындайды. Бағдарға және сапқа жүру ретіне назар аудартады. Сапқа тұруға көмектеседі. **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.** **Түзу жолмен жүру** Ойын жаттығуы: «Соқпақпен жүріп өт». Әр қатарға қарама-қарсы таяқшаларды пайдаланып, ені 25 см ұзындығы 2,5 м соқпақ жасаймыз. Соқпақты жүріп өтіп, сылдырмақты себетке салу ұсынылады. **Төрттағандап еркін бағытта еңбектеу –** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ның бір мезетте қимыл жасауына назар аударады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>***«Жылдамырақ шеңбер бойына тұр».***<br>Диаметрі 4 метр шеңберді еденге қояды, екінші диаметрі 2 метр шеңберді ортасына қояды.<br>Нұсқау – балалар бір-бірімен соқтығыспай, шеңберге жүгіріп кіру керек.<br><br>**ҰІӘ міндеттері:** тәулік бөліктерін, ажырата және айта білуді бекіту; топ бөлмесінен шеңбер пішіндес заттарды көзімен іздеп таба алу білігін дамыту; шеңбер пішінді заттардың суретін сала алу білігін дамыту; мұқияттылық пен алғырлыққа тәрбиелеу. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе | **әдебиет)**<br><br>«Жол және орындық» Құрылыс материалдарынан жол және орындық жасауды үйрету.<br>**(Құрастыру)**<br>**«Smart bala» жобасы**<br><br>**Ұлттық ойын «Көтермек»**<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.<br>Белгі бойынша кім бірінші бірін- бірі арқада көтеріп алса,сол бала жеңіске жетедің. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады.<br>**“Адал  азамат”** | қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?<br>– Сендер жаңа геометриялық пішінмен танысқыларың келе ме?<br>**Геометриялық пішін – шаршымен танысу.**<br>Педагог жаңа геометриялық пішін – шаршыны қарауды ұсынады.<br>Шаршыныңтөрт бұрышы барын айтады. Содан оны шаршы деп атайды.<br>**«Шаршыны бастырып сыз»** Балаларға суреттегі шаршыны бағыт сызығын бойлай қолмен басып шығуды тапсырады. Содан кейін нүкте бойынша үлкен шаршыны (тіктөртбұрыш) қызыл қарындашпен, ал кішкентай шаршыны (тіктөртбұрыш) көк қарындашпен бастырып сызып шығу керектігін айтады.<br>Сұрақтар:<br>– Балалар, қай шаршыны қызыл түспен бастырып сыздыңдар?<br>– Сендер бастырып сызған геометриялық пішін қалай аталады? | ***ойын жаттығуы: «Марғаулар»***<br>Жан-жануарлардың балалары да өте кішкентай әрі ойнағанды жақсы көретінін түсіндіреді. Ойын ережесін еске салады: зал ішінде төрттағандап еңбектейді, «Қожайын келді!» деген белгі берілгенде жата қалып, қатып қалу, сосын қайта еңбектеу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** ***«Орныңды тап!»*** Көрпешелерді кез келген ретте төсеу.<br><br>**Ұлттық ойын «Сақина жасыру»**<br>**Ойын мақсаты:** балаларды алғырлыққа баулу.<br>**Ойын шарты:** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білуге үйрету.<br>**Ғажайып сәт.**<br>Есікті тоқылдатқан дыбыс естіледі.<br>–Бізге біреу қонаққа келген сияқты.<br>Есікті ашып, ұлттық киімдегі қуыршақты алып кіреді.Қуыршақ амандасып, балалармен танысады.<br>**2.«Түн тәулік бөлігімен таныстыру».**<br>Фланелеграфтағы «Тәулік бөлігі – түн» иллюстрациясын көрсетеді.<br>**«Бұл қай кезде болады?» ойыны.**<br>– Қай кезде адамдар ұйықтайды?<br>– Суретте не бейнеленген?<br>– Бала не істеп жатыр?<br>– Бұл тәуліктің қай бөлігінде болады?<br>**Сергіту сәті:**<br>«Күн – түн».<br>Ойын шарты: «Күн» дегенде, балалар жүгіріп ойнайды, «түн» дегенде – ұйықтап қозғалмай | | **«Қуырмаш» – саусақтарымызды жаттықтырамыз.**<br>Қуыр-қуыр,қуырмаш,<br>Балапанға бидай шаш,<br>Тауықтарға тары шаш.<br>Апаң келсе есік аш.<br>Қасқыр келсе, мықтап бас<br>Мына жерде аю бар,<br>Мына жерде қасқыр бар,<br>Мына жерде қоян бар,<br>Мына жерде түлкі бар,<br>Ал мына жерде күлкі бар.<br>**«Үлкен – кіші»** ойыны. Балаларға суреттен шаршыға ұқсас заттарды табуға ұсыныс жасайды. Балалар тапқан заттарды мүсіндейді.<br>**(математика негіздері, мүсіндеу)**<br><br>Қарт адамдар мен кішкентай балаларға қалай көмектесеміз? Тақырыбында әңгімелесу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.<br>**(қоршаған әлеммен** | алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен<br><br>**ҰІӘ міндеттері**:<br>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі бөлшектерін құрастыруға үйрету.<br>**Ғажайып сәт:** Топқа сиқырлы алашасы бар сиқыршы ағай көмек сұрап келеді. Үлестірмелі материалға назар аударады. Сиқыршы ағай балалардан суретке қарап сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:<br>–Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалады.<br>Балалар, Ақмарал күннің суретін салғысы келеді. Бірақ оны қалай саларын және қандай түспен боярын білмейді. Балалар көмектеседі.<br>Жеке жұмыс жүргізеді.<br>**(Математика негіздері, сурет салу)** | | **таныстыру)**<br><br>**Қауіпсіздік ережелері.**<br>Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау.<br>Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br><br>**Ұлттық ойын «Түйілген орамал»**<br>**Ойын міндеттері:** ойын балаларды шапшандық пен ұйымшылдық қасиетіне баулиды.<br>**Ойын шарты:** Кез-келген орамалды алып, оны түйеміз. Ортаға бірінші ойыншы шығады. Ойын басталғанда басқа балалар орамалды жерге түсірмей бір-біріне лақтырады. | жасалған?<br>–Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Алладиннің алашасы қолымда,<br>Жерге жайып жібердім мен тұрдым да.<br>Томпаңдадым, топылдадым үстінде,<br>Бұл менің өңім бе, әлде, түсім бе**?**<br>**Балалар алашаны және оюларды құрастыру.**<br>**(көркем әдебиет,музыка, құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | | **№ 2**<br>**Бақылау: Бұлтты бақылау.**<br>**Мақсаты:** Бұлттың | **№ 6**<br>**Бақылау: Күзгі тіршілігін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Құстардың | **№ 14**<br>**Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өткінші | **№ 15**<br>**Бақылау: Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату **.**<br>**Еңбек** :Ауладағы гүлдерді суару.<br>**Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып<br>Жерге қайтар су болып. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын:** « Кімге қандай құрал керек? »<br>**Мақсаты:** Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.<br>**Ұлттық ойын**<br>«Соқыр теке » .<br>**Ойын барысы:**<br>Соқыртеке кең | күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру **.**<br>**Еңбек** : « Біздің ойыншықтар » .<br>**Мақсаты:** Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылдық ойын: « Жүзік салу »**<br>**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын:** « Сымсыз телефон » .<br>**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші | жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.<br>**Еңбек** : Ағаш түптерін қопсыту.<br>**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Жеке жұмыс:** « Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер » .<br>**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.<br>**Қимылдық ойын** : « Допты қуып жет » .<br>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.<br>**Қимылдық ойын: « Кім тезірек? »**<br>**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру | **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.<br>**Еңбек** : Біздің ойын алаңы<br>**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.<br>**Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..<br>**Қимылдық ойын:** « Айгөлек-ау, айгөлек » .<br>**Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Қимылдық ойын: « Фигура жасап шық »**<br>**Ойын барысы** : Ойнаушылардың арасынан бастаушы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ» ,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртек » болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Әткіншектебу.<br>2. Тартылғышқа тартылу. | тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері:Ән салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>**Тренинг:** « Құс болып ұшайық » . | қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.<br>Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.<br>**Тренинг:**« Қолшатыр » . | таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе « тоқта » деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық « фигураларды » айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.<br>**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**<br>Қуаласпақ.<br>Тығылыспақ.<br>**Тренинг: « Киіз үй »** . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тренинг:**«Біз тату баламыз» | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Кітаптарды қарау. Суреттер бойынша ойдан ертегі құрастыру. Ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру **(Тіл дамыту)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша «Түлкі мен ешкі» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту. **(жапсыру,сурет салу, мүсіндеу, көркем әдебиет)** | **Вариативтік компонент:** **«Дені сау болу - керемет»** **Тақырыбы:** «Қу түлкі» **Мақсаты**: Балалардың дене тәрбиесіне қызығушылығын арттыру. Ойын арқылы күш, ептілік, жылдамдық, төзімділік, қозғалыстарды үйлестіру. Жаттығу процесіне деген қызығушылықты арттыру. **Қимылды ойын:** «Қақпаға тигіз» | Ойдан құрастырып мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. **(мүсіндеу)**<br><br>Ойыншықтарға Қызығушылықты дамыту. Олардың суретін салдырту. **(сурет салу)** | «Ғажайып қоржын» ойынын ойнату әр бала қоржыннан бір зат алдырту. Содан соң сол заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін атауын ұйымдастыру. **(тіл дамыту)** Қоржыннан алған затқа қарап Пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын жетілдіріп мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Ұжымдық жұмыс. Қоржыннан шыққан заттар. Алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді меңгерту **(жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | **Айсезім** | **Тимурлан** | _**Марьям** | **Айсезім** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруға дағдыландыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)** | Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруға үйрету. (**Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы)** | Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдылары)** | Заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру.<br><br>**Еркін Қимылды ойын** «Хан талапай» ойындар | Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру **(құрастыру)**<br><br>Еркін ойындар | Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту **(музыка)** Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру **(көркем әдебиет)**<br><br>Еркін ойындар | Еркін ойындар ойнау. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. **(дене тәрбиесі)** **Қимылды ойын** «Хан талапай» |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | Сурет салу, кітап қарауды ұсыну. | Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Құндылық – Әділдік және жауапкершілік**

***Аптаның дәйек сөздері:*** *«Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»*

**Топ: «Айналайын»**
**Балалардың жасы: 3 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 03 – 07 қараша 2025 жыл**

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | **Әнұран айту.** Еліміздің рәміздері туралы әңгіме жүргізу. | **«Көңіл толқыны»** күйімен балаларды қарсы алу. | **«Ақсақ құлан»** күйімен балаларды қарсы алу. | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу. **«Ақсақ киік»** күйімен қарсы алу. | **«Адай»** күйімен балаларды қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу** | **«Өнегелі 15 минут» Отбасы туралы өнегелі өсиет айту** **Мысалы:** Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қомқор болады. | **«Өнегелі 15 минут» "Адал дос" әңгімесі** | **«Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек"** **Міндеттері:** Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. | **«Өнегелі 15 минут» «Кішкентай бағбан» әңгімесі** | **«Өнегелі 15 минут» «Кім ақылды» әңгімесі** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)** | **Үстел үсті ойыны «Мозайка»** **Міндеттері:** балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу | **Дидактикалық ойын «Бауда әлде бақшада?»** **Міндеттері:** балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. | **Ойыншыққа суреттерді табыңыз»** **Міндеттері:** Балалар нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйренеді. Жазық кескін мен көлемді нысандағы кескіндерді таңдауға үйретеді. | **Үстел үсті ойындар. "Пазл "құрастыру** **Міндеттері**: Балалар үстел-үсті ойындар арқылы еркін жұмыс жасады. | **«Жұбын тап»** **Міндеттері:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **(математика негіздері)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | № 5 жаттығу кешеші қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Жұмбақтар жасыру.** **Мақсаты:** жұмбақ жасыру арқылы балалардың ой – | **Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. | **Мақал-мәтелдер айту.** **Міндеттері:** «Ұ», «ү», «і», «қ» дыбыстарын сөз | **Жаңылтпаш жаттау** Ескекті ескекші еседі, Ескекші ескекті еседі. | **Артикуляциялық жаттығулар.** **Міндеттері:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрісін,ойлау қабілетін дамиды.<br>(**тілдік қарым-қатынас**ы) | Бас бармағым - атам,<br>Балан үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен. | ішінде анық айтуға үйрету.<br>Ұлық болсаң -кішік бол.<br>Жүзден - жүйрік,<br>Мыңнан - тұлпар.<br>Ананың ізін қыз басар,<br>Атаның ізін ұл басар.<br>**Қазақ тілі** | Жаға жай,<br>Жағажайда – Қамажай. | Артикуляциялық аппаратты жетілдіру,сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту.<br>1.Тісімізді тазалаймыз: Ауызды ашып, тілдің ұшымен жан-жаққа, одан кейін жоғарыдан төмен қарай қозғалыстарды жасау.<br>2. Сағат: Аузымызды ашып, тілімізді сыртқа шығарамыз. Тілдің ұшымен оңға, солға қозғалтамыз.<br>**Тіл дамыту** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Дене тәрбиесі**<br>**(таза ауада)**<br>**Міндеттері:** балаларды аласа заттардың үстінен аяқтарын жартылай бүгіп, секіріп түсуге үйрету. Кедергілерден «жыланша» ирелеңдеп жүріп өту кезінде, оң және сол жақтағы кедергілерді айналып өтуге жаттығу.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**І.** «Балалар, біз бүгін мынандай ойын ойнаймыз: сендер кішкентай торғайлар боласыңдар, ал мен сендердің аналарың боламын.<br>Бір-бірден тізбекке тұру.<br>Бірінің артынын бірі жүру. | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** табанның алдыңғы бөлігімен жүруге, басты дұрыс ұстауға үйрену. Шектелген алаңда статикалық тепе-теңдікті сақтай білуді бекіте түсу.<br>Биіктікке секіруге жаттығу, аяқпен демеп ептілікпен секіруді жетілдіру.<br>Қимыл-қозғалысты әртүрлі денешынықтыру жаттығуларымен және ойындармен толықтыра түсу.<br>**І. ҰІӘ**<br>Ойыншық қонжыққа назар аудартады.<br>*Алақанды соқ, соқ,*<br>*Аяқтармен топ-топ.* | **Қазақ тілі**<br>Қазақ тілі<br>"Жабайы аңдардың қысқа дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?"<br>Міндеттері. Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін айтуды үйрету.<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, | **ҰІӘ міндеттері:**<br>кеңістік бағыттарын анықтауға баулу (жоғары – төмен); геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Логикалық ойлауын дамыту.<br>**1. Шаттық шеңбері.**<br>Сәлемет пе, көк аспан!<br>Сәлеметпе, алтын күн!<br>Сәлеметпе, достарым!<br>Қуанамынкөргенде!<br>Балалар шаттық шеңберді айтады.<br>**2.«Кеңістікте бағдарлану – жоғары–төмен».**<br>Балалар суретті қарайды, Қай жерде құс, ал қай жерде көбелек ұшып жүргенін анықтап, | **Дене тәрбиесі**<br>**Міндеттері:** алға қарай екі аяқпен секіруге үйрету, бір мезетте екі аяқпен секіре білуді мүлтіксіз орындауды үйрену.Тіке бағытта төрттағандап еңбектеуге жаттығу.<br>Таныс қимыл-қозғалысты жеңіл әрі еркін, ырғақпен және келісілген түрде кеңістікте белгіленген бағдармен, тепе-теңдікті сақтай отырып орындауды қалыптастыру.<br>**І.ҰІӘ**<br>Саусақ гимнастикасы: «Достық». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Торғайлардың анасы,<br>Балаларын шақырды.<br>Маған қарай, балалар,<br>Жылдам ұшып жетіңдер.<br>Үйренеміз ұшуды.<br>Тез құрыңдар шеңберді,<br>Кел, бастайық біз енді!<br>Жүгіру. Ал енді қандай епті әрі күшті екенімізді көрсетеміз.<br>**ІІ.** Шеңберге тұруды ұсынады.<br>«Ана-торғай» қимылды көрсетіп, өзі сырттай бақылайды. Анасы қарап тұрғанда балалары шеңбер бойымен жүруді орындайды.<br>«Анасы ұйықтап кеткенде, балалар қанаттарын жайып, жан-жаққа ұшып кетті».<br>**Негізгі қимылдың түрлері:**<br>Бірлесіп бірге ұшамыз,<br>Бір-бірімізден қалмаймыз.<br>Бір сапқа тұрып бәріміз<br>Алыс жаққа барамыз.<br>Онда дәмді дәндер бар,<br>Сендерге арнап сақталды.<br>«Ана-торғайдың» соңынан бір қатармен жүреді.<br>**1. Бағандар арасынан «жылан» жасап жүреді.**<br>«Қараңдар, қаншама ағаштар айналада.<br>Орманда адасып қалмай, бір-бірімізден қалмай ұшамыз». | *Қос шынтағы бүгілді,*<br>*Көзге ұйқы тығылды.*<br>*Қонжық, қонжық, шаршама,*<br>*Бізбен бірге ойна да!*<br>Қонжықты ешкім естімейтіндей етіп жүруге үйретуді ұсынады – аяқтың ұшымен,аяқтың ұшына көтерілу, өкшеге түсу, қолды белге қою.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Қонжыққа оны ешкім естімейтіндей ақырын аяғының ұшымен жүруді үйретеді. Аяғының ұшына көтеріліп, өкшесін баспай, қолын беліне әкеліп жүру.<br>**Сәкі үстінде орындалатын ЖДЖ** – статикалық тепе-теңдікті сақтау.<br>**Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау:**<br>**І.Ойын: «Орынды тап!».**<br>Тоқтап және тапсырманы орындап (сәкіге шығу) шашыла жүгіру.<br>**2. Ойын: «Сылдырмақты сылдырлат».**<br>Жоғарыда тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру – аяқтарымен жігерлене итеріліп, биіктікке секіру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Допты беріп жібер»**<br>Қасында тұрған баланың | сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.<br>**Жаңылтпаштар**<br>Жыл мезгілі туралы<br>1.Ар-ар - ар<br>Жауады қар<br>2.Ел - ел - ел<br>Соғады жел<br>3.Яз - яз - яз<br>Сақылдаған сары аяз<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту , жабайы жануарлар туралы суреттеріне қарап әңгімелесу.<br><br>**"Дөңгелектер"**<br>Міндеттері. Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру.<br>**(жапсыру)**<br><br>Ойын-жаттығу "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз т,д дыбыстары."<br>Міндеттері.<br>Балаларды сөздердің буындарының құрамында т, д дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда | атайды.<br>**«Жоғары –төмен» ойыны**.<br>Балалар доппен ойнап жүрген суретке назарларын аударуды сұрайды.<br>– Суреттен кімді көріп тұрсыңдар?<br>– Олар не істеп жүр?<br>– Кім допты жоғары лақтырды?<br>– Кім допты төмен лақтырды?<br>Тапсырма береді:<br>Жоғарыдағы допты – көкпен, төмендегі допты – қызылмен бояуды ұсынады.<br>Балалар тапсырманы дұрыс орындағандарын тексереді, салған суреттеріне қарап мүсіндейді жеке жұмыс жүргізеді.<br>**(математика негіздері, сурет салу, мүсіндеу)**<br>**"Көлік" ойыны.**<br>- Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы?<br>Міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын | *Біздің топта ұлдар мен қыздар*<br>*Бір-бірімен тату-тәтті достар.*<br>*Біз де сенімен достасайық,*<br>*Біздің кішкене саусақтар.*<br>«Қатып қал!» ойын жаттығуы музыкалық сүйемелдеумен тепе-теңдікті сақтау.<br>**ІІ. Негізгі кезең.**<br>Ойын жаттығуы: «Қатып қал!»<br>Музыка ырғағымен және тепе-теңдікті сақтап жүреді.<br>**Ойын гимнастикасы**<br>*Алақанды ашайық,*<br>*Шапалақты соғайық.*<br>*Шап-шап-шапалақ,*<br>*Шап-шап-шапалақ.*<br>*Кәне, маған қара,*<br>*Бәрін бірдей қайтала.*<br>*Бір-екі-үш, бір-екі-үш,*<br>*Бәрін бірдей қайтала*<br>**«Қояндар» – алға қарай екі аяқпен секіру**. Өз жұбына қарай секіріп барып, оған қолын тигізіп, жылдам өз орнына тұру. Нұсқау – екі аяқпен бір мезетте жігерлене итерілу.<br>**2.** «Аюлар» – **тіке бағытта төртаяқтап еңбектеу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
